

Қазақстан Республикасының орталық мемлекеттік архиві туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1997 жылғы 28 сәуір N 672. Күші жойылды - ҚРҰ-нің 1999.05.07. N 543 қаулысымен

"Орталық атқарушы органдардың құрылымын жетілдіру және мемлекеттік органдардың санын қысқарту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 29 қазандағы N 3168 U963168_ Жарлығына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Мыналар бекітілсін:

Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік архиві туралы ереже (қоса беріліп отыр) ;

Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік архиві орталық аппаратының құрылымы 1-қосымшаға сәйкес, сондай-ақ алқаның сандық құрамы - 5 адам болып ;

Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік архивіне ведомстволық бағыныстағы ұйымдардың тізбесі 2-қосымшаға сәйкес.

2. Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архиві орталық аппараты қызметкерлерінің жалпы саны 42 адам, оның ішінде жауапты қызметкерлер - 15 адам болып белгіленсін.

3. Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архивінің орталық аппараты үшін 1 қызметтік жеңіл автомобиль лимиті белгіленсін.

4. Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архивін қаржыландырудың қолданылып жүрген тәртібі 1997 жылдың аяғына дейін сақталсын.

5. Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архивінің қызметкерлеріне еңбекақы төлеу (15 жауапты қызметкерден басқа) "Қазақстан Республикасында еңбекақы төлеуді жетілдіру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 6 ақпандағы N 170 қаулысына сәйкес жүзеге асырылады.

6. 3-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір

шешімдерінің күші жойылған деп танылсын.

7. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік архивімен бірлесіп, Қазақстан Республикасы Үкіметінің бұрын қабылдаған шешімдерін бір ай мерзім ішінде осы қаулыға сәйкестікке келтіру туралы Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныс енгізісін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1997 жылғы 28 сәуірдегі
N 672 қаулысымен
Бекітілген

Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік архиві
туралы
Е Р Е Ж Е

I. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік архиві Қазақстан Республикасы Үкіметінің құрамына кірмейтін орталық атқарушы орган болып табылады.

Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік архиві архив ісін және құжаттану саласындағы Қазақстан Республикасының мемлекеттік саясатын жүзеге асырады, құжаттық материалдарды сақтаудың мемлекеттік бас сақтаушысы функциясын атқарады, архив саласына, сондай-ақ көзделген заңдар шегінде салааралық үйлестіруге басшылық жасайды.

2. Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік архиві өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының заңдарын, Қазақстан Республикасы Президенті мен Үкіметінің актілерін, өзге де нормативтік құқықтық актілерді және осы Ережені басшылыққа алады.

3. Қазақстан Республикасы мемлекеттік архивінің орталық аппаратын ұстауға арналған шығыстарды қаржыландыру орталық атқарушы органдарды ұстауға республикалық бюджетте көзделген қаржы есебінен жүзеге асырылады.

4. Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік архиві орталық аппаратының құрылымы мен штаттық санын Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

5. Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік архиві заңды тұлға болып табылады, банкте шоты, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы бейнеленген және өз атауы қазақ және орыс тілдерінде жазылған мөрі бар.

II. Негізгі міндеттері, функциялары мен құқықтары

6. Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік архивінің негізгі міндеттері мен функциялары мыналар болып табылады:

Қазақстан Республикасының Архив қорын қалыптастыру, Қазақстан халқының тарихы жөніндегі шетелдердегі архив құжаттарының түпнұсқалары мен көшірмелерін табу, алу;

құжаттардың сақталуын қамтамасыз ету;
аса құнды істер көшірмелерін сақтандыру қоры мен пайдалану қорын құру;
құжаттарды орталықтандырылған мемлекеттік есепке алуды жүзеге асыру;
архив құжаттарының құндылығына мемлекеттік сараптамадан жүргізуді ұйымдастыру;

меншік нысанынан қарамастан заңды тұлғалардың құжаттары мен жеке адамдардың қорларын жинақтау жөніндегі жұмыстарды жүргізу;

республика Архив қорының құжаттарын жан-жақты пайдалануды ұйымдастыру мен жариялауға қатысу;

республика Архив қорының ғылыми-анықтамалық аппаратын дамыту және жетілдіру;

құжаттандыру мен ведомстволық архивтер жағдайына ұйымдық-әдістемелік басшылық жасауды жүзеге асыру;

орталық және жергілікті мемлекеттік архивтердегі архив құжаттарын жинақтау жөніндегі шараларды жүзеге асыру;

Қазақстан Республикасы Архив қорының құрамына кіргізуге жататын құжаттары бар ұйымдардың тізбесін анықтау;

республикадағы архив ісі мен құжаттану саласындағы жұмысты мемлекеттік реттеу;

өз қызметі саласында заңдарды қолдану практикасын талдау және қорытындылау, оны жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлеу, заңдар мен өзге де нормативтік құқықтық актілердің жобалары дайындауға қатысу;

архив ісі саласында халықаралық байланыстарды жүзеге асыру;

өз қызметі саласында ғылыми-техникалық саясатты жүзеге асыруға қатысу, өзге мемлекеттік органдарға өз құзыретіне жататын мәселелер бойынша ғылыми-әдістемелік көмек көрсету;

Қазақстан Республикасының заңдарымен өзіне жүктелген өзге де функцияларды жүзеге асыру.

7. Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік архиві өзіне жүктелген тапсырмаларды жүзеге асыру және міндеттерін орындау кезінде:

республика аумағында меншік нысанынан қарамастан барлық заңды

тұлғалардың архиві ісі мен құжаттарды жүргізудің белгіленген тәртібін сақтауларына мемлекеттік бақылау жасауды жүзеге асыруға;
республика аумағында барлық заңды және жеке тұлғалардың Қазақстан Республикасы Архив қорының құжаттарын пайдаланудың тәртібі мен нормасын сақтауларына мемлекеттік бақылау жасауды жүзеге асыру;
заңды және жеке тұлғалардың Қазақстан Республикасы Архив қорының құжаттарын және ондағы ақпараттарды пайдалану тәртібін белгілеуге;
заңда көзделген жағдайларда, сондай-ақ белгіленген тәртіппен заңды және жеке тұлғаларға шарттық негізде қызмет көрсетуге құқығы бар.

ІІІ. Қызметін ұйымдастыру

8. Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік архиві мен оның аумақтық органдары Қазақстан Республикасы архив қызметінің бірыңғай жүйесін құрады.

9. Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік архиві, ведомстволық бағыныстағы ұйымдармен бірге республикадағы архив қызметінің жұмысын камтамасыз етеді, Қазақстан Республикасының Архив қорын басқарады және оның жай-күйі мен дамуына жауапты болады.

10. Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік архивін Қазақстан Республикасының Үкіметі қызметке тағайындайтын және қызметінен босататын Директор басқарады. Директордың бір орынбасары болады.

11. Директор:

Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік архивінің қызметін басқарады;

Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік архивіне жүктелген міндеттер мен функциялардың орындалуына дербес жауапты болады;

барлық мемлекеттік органдар мен ұйымдарда архив қызметінің мүдделерін білдіреді;

Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік архивінің орталық аппараты қызметкерлерінің белгіленген саны мен еңбекақы қорының шегінде штат кестесін, сондай-ақ бекітілген бюджет шегінде оны ұстауға арналған шығыс сметасын бекітеді;

Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік архиві қызметкерлерін белгіленген тәртіппен қызметке тағайындайды және қызметтен босатады;

колданылып жүрген заңдарда және осы Ережеде көзделген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

12. Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік архиві ведомстволық

бағыныстағы ұйымдар туралы ережелерді бекітеді және келіседі.

13. Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік архивінде

міндеттерді шешу мен функцияларды іске асыру үшін:

консультативтік - кеңесуші орган ретінде алқа құрылады, оның жеке құрамын Директор бекітеді;

архив ісі мен құжаттану мәселелерін қарау жөніндегі әдістемелік кеңес;

деректерді жинақтауға байланысты және құжаттардың құндылығына мемлекеттік сараптама жүргізу мәселелерін қарау жөніндегі орталық сараптама - тексеру комиссиясы құрылады.

14. Аталған Кеңес пен комиссия туралы Ережелерді, олардың жеке құрамын Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архивінің директоры бекітеді.

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

1997 жылғы 28 сәуірдегі

№ 672 қаулысына

1 қосымша

Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік архиві

орталық аппаратының

ҚҰРЫЛЫМЫ

Басшылық

Үйлестіру-әдістемелік бөлімі

Құжаттарды сақтауды, мемлекеттік есепке алуды және олардың ғылыми-анықтамалық аппаратын (ҒАП) қамтамасыз ету бөлімі

Ведомстволық архивтерді жинақтау бөлімі

Ақпарат және құжаттарды ғылыми пайдалану бөлімі

Әдебиет, өнер және жеке қорлар бөлімі

Жоспарлау-қаржы бөлімі

Жалпы бөлім

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

1997 жылғы 28 сәуірдегі

№ 672 қаулысына

2 қосымша

Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік архивіне ведомстволық бағыныстағы ұйымдардың ТІЗБЕСІ

Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік кинофото-құжаттар мен дыбыс жазбалары архиві (ҚР ОМКҚДЖА)

Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік ғылыми-техникалық құжаттама архиві (ҚР ОМҒҚА)

Мемлекеттік архивтердің деректі материалдарын микрофото-көшірмелеу және қалпына келтіру орталық лабораториясы (МАОЛ)

Облыстық мемлекеттік архивтері мен филиалдары

Алматы, Байқоңыр қалаларының мемлекеттік архивтері

Аудандық архивтер

Құжаттану және архив ісі жөніндегі ғылыми-техникалық ақпарат орталығы (ҚЖАІҒАО)

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

1997 жылғы 28 сәуірдегі

№ 672 қаулысына

3 қосымша

Қазақстан Республикасы Үкіметінің күші жойылған
кейбір шешімдерінің
ТІЗБЕСІ

1. "Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанындағы Архивтер мен құжаттама бас басқармасы туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 2 желтоқсандағы № 1214 Р931214_ қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1993 ж., № 47, 571-қ ұ ж а т) .

2. "Қазақстан Республикасы Президентінің архиві туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 25 наурыздағы № 298 Р940298_ қаулысының 7-тармағы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1994 ж. , , N 1 5 , 1 4 6 - қ ұ ж а т) .

3. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімдеріне өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 6 ақпандағы N 115 қаулысымен (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1995 ж., N 5, 62-құжат) бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімдеріне енгізілетін өзгертулер мен толықтырулардың 23-тармағы.

4. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгертулер енгізу және күші жойылған деп тану туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 20 тамыздағы N 1031 Р961031_ қаулысымен (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1996 ж., N 35, 327-құжат) бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгертулердің 14-тармағы .